

Тамырлар бойымен қан қозғалысынның жалпы физика математикалық зандылыштары

Қабылдаған: 00000

Орындаған: 00000

Тобы: 00000

ҚАН АЙНАЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ БИОФИЗИКАСЫ

Қан айналым биофизикасы — қанның қысымы мен қозғалыс жылдамдығының арасындағы байланысты және олардың қаннның, қан тамырларының, жүрек функцияларының физикалық параметрлеріне тәуелділігін зерттейді. Қан айналым жүйесін күрделі гидродинамикалық жүйе деп қарастыру керек. Жүректің жұмысы периодты болғандықтан қаннның қысымы және қозғалысы да периодты болады. Қан тамырлары аса көп тармақталады және әр тармактың диаметрі әр түрлі болады. Сондықтан тамырдың серпімділігі тармақтардың диаметрлерінің қосындысына байланысты болады. Қан таралу жүйесінің осындай ерекшеліктері оны физика, математика түрфысынан талдау жасауға қындық туғызады.

Қан айналымның биофизикалық көрсеткіштері жүрек-тамырлар жүйесінің биофизикалық параметрлерінің өзгерісіне тәуелді болады. Атап айтқанда жүрек жұмысының ерекшелігі (қаннның систолалық көлемі) қан тамырларының құрылышының ерекшеліктеріне (олардың радиусы және эластикалық, қасиеттері) және қаннның қасиетіне (тұтқырлығы) байланысты болады.

Сонымен қатар қан тамырлары гуморальды әсер тарайтын арнаның қызметін атқарады. Қан айналым жүйесі ағзанын температурасына да зор ықпал етеді. Сондықтан осы тарауда қан айналым жүйесін биофизика түрфысынан қарастырамыз.

Қанның реологиялық қасиеттері

Реология (rheos — ағын, logos — ілім — грек сөздері) дегеніміз, заттардың деформациялануын және ағуын зерттейтін ғылым. Гемореология (гемо — қан) — қанды тұтқыр сұйық деп қарастырып, оның қан тамырларының бойымен қозғалысын зерттейтін биофизика ғылымының бір саласы.

Сұйықтың тұтқырлығы деп оның бір қабатының екінші қабатымен салыстырғанда қозғалыс әсерінен пайда болатын кедергіні айтады.

Сұйықтың тұтқырлығының басты заңын Ньютон ашқан.

$$F = \eta \frac{dv}{dz} \cdot S$$

мұндағы η — қанның тұтқырлығы.

Тұтқырлық тұрғысынан қарағанда қан — ньютондық емес сұйық. Себебі қан — формалық элементтер суспензиясының плазмадағы ерітіндісі. Ол элементтердің өзіне тән ішкі құрылышы және қасиеттері бар. Плазма — мөлдір, ньютондық сұйық. Бірақ формалық элементтердің 93%-ы эритроциттер болғандықтан, қанды эритроцит суспензиясының физиологиялық ерітіндісі деп, женілдетіп қарастыруға болады. Эритроциттердің басты қасиетінің бірі — эритроцит бағанын құруға бейімділігі. Егер қанның жұғындысын микроскоппен караса, онда бір-біріне «жабысқан» агрегатты көруге болады. Ол агрегатты эритроцит бағаны дейді. Бағандар жинақталған тындарға үқсас болғандықтан оларды «тиын бағаны» (монетный столбик) дейді. Диаметрі әртүрлі қан тамырларында «тиын бағанының» пайда болуы шартты да әртүрлі. Оған қан тамырларының диаметрі, эритроциттің диаметрі және агрегаттың размері тікелей әсер етеді.

Мысалы: эритроциттін диаметрі $d_{\text{эр}} \approx 8$ мкм, ал агрегаттың диаметрі одан бірнеше есे үлкен болуы мүмкін, яғни




$$d_{\text{агр}} \approx 10d_{\text{эр}}.$$

Жуан қан тамырларының диаметрлері агрегаттың диаметрінен үлкен ($d_r > d_{\text{агр}}$), сонымен қатар қан тамырының диаметрі эритроциттердің диаметрінен аса үлкен ($d_r \gg d_{\text{эр}}$) болғандағы агрегаттардың тұзілісі 63, *a*-суретте көрсетілген.

Мұнда жылдамдық өзгерісі $\frac{dv}{dz}$ аз, эритроциттер «тиын бағанасына» жинақталып, агрегат құрайды. Осындай калыпты жағдайда қанның тұтқырлығы $\eta=0.005$ Па·с болады. Егер тамырлар ұсак болса (ұсак артериялар, артериолдар), яғни тамырдың диаметрі мен агрегаттың диаметрлері жуық шамамен бірдей болса ($d_{\text{агр}} \approx d_r$) және тамырдың диаметрі эритроциттің диаметрінен 15-20 есे үлкен ($d_T \approx 15—20 d_{\text{эр}}$) болса, мұндай тамырларда жылдамдық өзгерісі

$$\frac{dv}{dz}$$

артып, агрегаттар ыдырайды да, қанның тұтқырлығы кемиді (63-сурет).



63-сурет

Микротамырларда (капиллярларда) тамырдың диаметрі эритроциттің диаметрінен кіші болады ($d_r < d_{\text{эр}}$). Бірақтірі тамырда эритроциттер жеңіл деформацияланып, диаметрі 3 мкм капиллярдан диаметрі 8 мкм эритроцит ешқандай өзгеріссіз бұзылмай өтеді.

Уақыт бірлігінде қантамырының көлденен кимасынан өтетін қанның көлемі Q мынаған тең болсын

$$Q = S v,$$

мұндағы $S = \pi R^2$, қан тамырының көлденен кимасының ауданы, R — тамырдың радиусы, сонда мұндағы $v_{\text{опт}}$ — қанның қан тамырлар бойымен козғалысының орташа сызықтық жылдамдығы; P_1 және P_2 тамырдың үштарындағы қысым; l — тамырдың ұзындығы; η — қанның тұтқырлығы. Бұл тендеуді алғаш ашқан ғалымның күрметіне Пуазейль тендеуі дейді.

Капилляр тамырларда эритроциттер жіпке «тізгендей» бірінің соңынан бірі орналасып, тамырдың пішініне сәйкес келетін, «тиын бағанасын» құрайды. Тамырдың диаметрі қанша кіші болғанмен, эритроцит пен тамыр кабырғасының арасында плазмаға «орын» қалдырылады. Капиллярдағы қанын, тұтқырлығы өте аз болады (63, в-сурет).

Жоғарыда қарастырылған мысалдардан мынандай қорытынды жасауға болады. Жуан тамырлар үшін қанын тұтқырлығы сызықты өзгертерді, яғни $\eta = \eta_0(1+kC)$, мұндағы η_0 — қаның бастапқы тұтқырлығы; C — эритроциттердің таралымы, k — эритроциттердің пішініне, размеріне және агрегаттың ерекшеліпне тәуелді геометриялық параметр.

Егер қанның құрамындағы ұсақбөлшектердің құрылымы өзгерсе, онда к-коэффициенті де, қанның тұтқырлығы да өзгереді. Олай болса капилляр тамырлар үшін жоғарыдағы формуланы колдануға болмайды. Себебі қан ньютондық сұйық емес, оның қан тамырларының бойымен козғалысы Ньютонның заңына бағынбайды. Сонымен қатар қанның тұтқырлығы қан тамырларының диаметріне, жылдамдық өзгерісіне және температураға да байланыст.

Қанның қан тамырының бойымен козғалысы негізінде ламинарлық ағын болады. Бірак кейде турбуленттік ағын да болуы мүмкін.

Аортаға келіп күйілған қанның қозғалысы турбуленттік болғандықтан, аортадағы қанның қозғалысы да турбуленттік болады. Қанның қозғалыс жылдамдығы артқанда (мысалы, бұлшық етке күш түскенде) қан тамырларының тармақталу нүктелерінде де турбуленттік ағын болуы мүмкін. Турбуленттік ағын қан тамырларының диаметрінің кенет кішірейген жерлерінде де (тромба) болуы мүмкін. Сұйық турбуленттік ағынмен қозғалу үшін оған қосымша энергия қажет. Сондықтан қан тамырының бойымен қозғалған қан жүрекке күш түсіреді. Турбуленттік ағын кезінде пайда болатын шу жүрек және қан айналым жүйесіне диагноз қою үшін колданылады.

Қанның қан тамырлар бойымен қозғалысы

Қаннның қан тамырларының бойымен қозғалыс заңдарын зертгейтін биомеханиқаның бөлімін гемодинамика дейді. Гемодинамиқаның басты ұғымдары — қаннның қысымы және қозғалыс жылдамдығы.

Қан тамырларының бойымен қаннның қозғалғандағы қан қысымы-ның, қаннның энергиясының және жылдамдығының өзгерісін Вернули және Гаген-Пуазель тендеулерімен түсіндіруге болады.

Қан тамырдың бойымен ұздіксіз сорғымен қозғалады. Колденең кималары әртүрлі тізбектей қосылған бірнеше түтіктердің бойымен уақыт бірлігінде сұйықтың өзара тең колемі агады. Қан қысымы деп қан тамырының келденең кимасына (S) уақыт бірлігінде әсер ететін күштің (F) шамасын айтады, яғни

өлшем бірлігі $P = \frac{F}{S}$ Н/м². Сонымен қатар көлемдік және сзықтық жылдамдық деген ұғым бар. Көлемдік жылдамдық деп қан тамырларының келденең кимасынан уақыт бірлігінде ағып өтетін сұйықтың көлемін (V) айтады:

$$\text{өлшем бірлігі } Q = 1 \text{ м}^3/\text{с.} \quad (1) \quad Q = \frac{V}{t},$$

Сзықтық жылдамдығы деп қаннның жүрген жолының уақытқа қатынасын айтады.

$$(2) \quad v = \frac{l}{t}.$$

Өлшем бірлігі и = 1 м/с. Қан тамырларының бойымен өтетін қанның сзықтық жылдамдығы тамырдың әр бөлігінде әртүрлі болғандықтан, бұдан былай, орташа сзықтық жылдамдық деген ұғымды қоямыз.

Сзықтық және көлемдік жылдамдықтардың арасында мынандай байланыс бар:

Олай болса

мұндағы

$$Q = \frac{V}{t},$$

$$t = \frac{l}{v}.$$

(3)

Себебі $\frac{V}{t}$ тамырдың $Q = Sv = \text{const.}$ имасының ауданы.

Осы тендеу $\frac{V}{t} = S$ сорғының үзіліссіздігінің тендеуі екен. Бұдан түтіктің көлденең қимасынан ағып өтетін сұйықтың көлемі оның сзықтық жылдамдығы мен көлденең қимасының ауданының көбейтіндісіне тең екенін көреміз.

Егер тамырдың колденең қимасының ауданын және сзықтың жылдамдығын тамырдың бір үшін S_1 және v_1 деп, екінші үшін S_2 және v_2 деп белгілесек, онда (3) тендеуден мынаны аламыз


Осыдан

$$S_1 v_1 = S_2 v_2.$$

$$\frac{v_1}{v_2} = \frac{S_2}{S_1}.$$
(4)

Осыдан мынандай қорытынды шығады: қанның қан тамырларының, бойымен қозғалғандағы сзықтық жылдамдығы тамырдың көлденең қимасының ауданына кері пропорционал болады екен.

Колқаға (аортаға) жақын қан тамырлар жүйесінің көлденең қимасының ауданы оте аз болады. Артерияға, артериолаға және капиллярларға еткенде көлденең қималарының аудандарының қосындысы аса үлкен шамаға жетеді. Мысалы капилляр тамырлардың көлденең қимасының аудандарының қосындысы қолқаның ауданынан 600—800 есе үлкен болады. Соған сәйкес қанның қозғалысының сзықтық жылдамдығы аортада 0,5 м/с болса, капиллярда 0,0003—0,0005 м/с болады.



Қан венаға қарай өткенде, тамырлардың көлденең қимасының ауданы азаяды да, соған сәйкес сзықтық жылдамдығы артады. 64, а-суретте қан тамырлар жүйесінде қанның қысымы, 64, б-суретте сзықтық жылдамдығының қан тамырларының көлденең қимасының ауданына сәйкес өзгерісін сипаттайтын график берілген.

$$Q = Sv.$$

Енді сорғынын үзіліссіздігінш тендеуіне (3) қайта оралайық, яғни

Мұндағы $S = \pi R^2$ қан тамырларының көлденен қимасының ауданы, r -тамырдың радиусы, және Пуазейль формуласына сәйкес

$$(5) \quad v_{opt} = \frac{P_1 - P_2}{l} \cdot \frac{r^2}{8\eta}.$$

Мұндағы v_{opt} - қанның қан тамырлар бойымен қозғалысының орташа сыйықтық жылдамдығы; P_1 және P_2 тамырдың ұштарындағы қысым; l — тамырдың ұзындығы; η — қанның тұтқырлығы. Осыларды ескере отырып сорғының үзіліссіздік тендеуін былай жазамыз:

$$(6) \quad Q = \frac{P_1 - P_2}{l} \cdot \frac{\pi r^4}{8\eta}.$$

Мұндағы $\frac{P_1 - P_2}{l}$ лырының ұштарындағы қысым өзгерісі

немесе оны қысым градиенті дейді. Жоғарыдағы формуланы көлденен кимасы тұрақты цилиндр тұтқытермен реал сұйықтардың стационарлық ағыны үшін Гаген-Пуазейль тендеуі дейді. Осы формуларға мынандай белгілеу жасайық, яғни,

$$(7) \quad \omega = \frac{8l\eta}{\pi r^4}$$

оны гидравикалық кедергі дейді. Сонда Гаген-Пуазейль тендеуін былай жазуға болады:

$$(8) \quad Q = \frac{\Delta P}{\omega}.$$

Енді осы формуланы тізбектің бөлігі үшін Ом заңымен салыстырайык:

$$(9) \quad I = \frac{\Delta \varphi}{R}.$$

Салыстырудың нәтижесінде мынандай корытындыға келеміз: бұл екі заңың физикалық мағынасы бөлек болғанымен, кибернетикалық зандалықтары бірдей, яғни:

- a) Q — тұтіктің көлденең қимасынан уақыт бірлігінде ағын еткен сүйықтың көлемі (немесе сүйықтың ұсак молекулалар саны десе де болады) болса, I — ток деп өткізгіштің көлденең қимасынан уақыт бірлігінде өткен зарядтар санын айтады. Олай болса, кибернетикалық тұрғыдан қарағанда бұл екі үгым бір-біріне ұксас. $Q \Leftrightarrow I$;
- б) Тұтіктің ұштарындағы ΔP - қысым айырмасы өткізгіштің ұштарындағы потенциялдар айырымын сипаттайтынын, яғни $\Delta P \Leftrightarrow \Delta \phi$;
- в) со-гидравликалық кедергі - омдық кедергіні сипаттайтынын, яғни $\omega \Leftrightarrow R$.

Сонымен катар тізбектей жалғанған қан тамырының гидравликалық толық кедергісі мынаған тең $\omega = \omega_1 + \omega_2 + \omega_3 + \dots + \omega_n$ болса тізбектей косылған өткізгіштердің толық кедергісі мынаған тең.

$$R = R_1 + R_2 + R_3 + \dots + R_n$$

Параллель косылған қан тамырлары үшін гидравликалық толық кедергі мынаған тең болғанда

$$\frac{1}{\omega} = \frac{1}{\omega_1} + \frac{1}{\omega_2} + \frac{1}{\omega_3} + \dots + \frac{1}{\omega_n}.$$

(10) параллель косылған электр өткізгіштерінің кедергісі: $\frac{1}{R} = \frac{1}{R_1} + \frac{1}{R_2} + \frac{1}{R_3} + \dots + \frac{1}{R_n}$

(11)

болады.

Кибернетикалық тұрғыдан қаастырылғандағы осындай ұксас-тық қан айналымы жүйесінің электрлік моделін жасауға мүмкіндік береді.